

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор  
**АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының**  
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР  
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР  
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА  
2022

ӘОЖ 37:80/81  
ББК (КБЖ) 74:81.2  
Қ 16

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы  
Филология ғылымының кандидаты, профессор

**Жауапты шығарушылар:**  
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81  
ББК (КБЖ) 74:81.2  
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

тән болса, ШҚО (18,0%), Атырау мен БҚО облыстарынан (16,0%) үлестерін көрсетті.

Ал өзге ұлыстардан өзге ұлыстардан өзбектер Шымкент қаласы мен Түркістен облыстарында, Ақтөбеде, Қарағанды облысынынан, украин ұлысы Алматы қаласы мен СҚО мен Ақтөбе облыстарынан, татарлар Алматы қаласы мен БҚО-нан, кәрістер Алматы қаласынан, Ақтөбе, Атырау және Жамбыл облыстарынан, ұйғырлар Алматы қаласы мен Алматы облысынан, белорустар мен дүңгендер Жамбыл облысынан болып жалпы респонденттердің 3,1% құрады.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПАРЕМИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛЫ

*Ақанова Н.С.*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
akanova\_nazerke@mail.ru*

**Аннотация.** Бұл мақалада паремиология саласына қатысты мәселелер, оның ішінде паремиологияның бір саласы деп танылып жүрген мақал-мәтелдердің теориялық, әдістемелік мәселелері қарастырылады. Қазақ тіліндегі паремияларды оқыту мәселелері мен жолдары, интерактивті тапсырмалардың маңыздылығы, оқытуда туындайтын қиындықтар талданады. Мақал-мәтелдерді антропоцентристік бағытта оқытудың тиімділігі сөз етіледі.

**Кілт сөздер:** Паремиология, паремия, мақал-мәтелдер, оқыту технологиялары, концепт.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы, относящиеся к области паремиологии, в том числе теоретические, методические вопросы пословиц и поговорок, признаваемых отраслью паремиологии. Анализируются проблемы и пути обучения паремиям на казахском языке, значимость интерактивных заданий, трудности, возникающие при обучении. Речь идет об эффективности обучения пословиц и поговорок по антропоцентрическому направлению.

**Ключевые слова:** Паремиология, паремия, пословицы и поговорки, технологии обучения, концепт.

Еліміз тәуелсіздігін алып, құлашын кең жайып, өрістеген сайын, жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру мәселесінің қажеттілігі күннен-күнге арта түсуде. Сондай-ақ қазіргі заманғы оқудың негізгі міндеті – оқушыларды қажетті білім негізімен қаруландыру. Өзін-өзі шығармашылық жағынан үздісіз жетілдіріп отыратын, саналы да белсенді тұлға қалыптастыру. Көркем сөз өнерінің тілдік және әдеби бұлақтарына, арналарына жататын мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, нақыл сөздер мен қанатты сөздер мән-мазмұнының тереңдігімен, өткірлігімен, өміршеңдігімен ерекшеленеді. Паремияларда

халықтың тарихы, саяси өмірі, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениеті жан-жақты көрініс тапқан. Паремияларды айтылатын оймен орайластырып, орынды қолдансақ, сөзіміз мірдің оғындай өткір, көңілге қонымды көркем, әрі бейнелі болады. Мақал-мәтелдер аз сөзбен терең мағынаны беретіндіктен, өте ұтымды болады, сөйлеген адамның шешендігін, ой ұшқырлығын, тапқырлығын көрсетеді, әрі тіл үйретуде тиімді болып келеді. Тіпті қазіргі таңдағы қазақ тілінің жағдайы бәрімізді алаңдатыны белгілі. Тіліміздің тазалығының, көркемдігінің, байлығының көрінуінің бірден-бір жолы – паремиялар. Сол себепті паремияларды ұрпақ санасына сіңіру жауапты іс деп білеміз.

«Паремиялогия» дегеніміз не?, Паремиялогияның зерттеу объектісіне нелер жатады? осы мәселелердің басын ашып алайық. Бұл мәселеге қатысты қазақ тілінде жазылған еңбектердің саны жоқтың қасы, тіпті, жоқ деуге де болады. Сол себепті орыс тіліндегі еңбектерге жүгінуімізге тура келді. Г. Л. Пермяков «Основы структурной паремиологии» атты еңбегінде, орыс паремиологиясының құрылымдық негіздерін зерттеуге, паремиялардың ішінде мақал-мәтелдерге баса назар аударды. Тіл жүйесіндегі паремиологиялық бірліктердің орны туралы мәселені А.Е. Карлинский егжей-тегжейлі қарастырды, ол өзінің «Место паремиологии в науке о языке» атты еңбегінде паремиологияны фразеологизмнен тыс шығару туралы мәселені алға тартты. А. Е. Карлинскийдің ойынша, паремиология жеке лингвистикалық сала. «Паремиология» ғылымының негізгі компоненттері-паремиологиялық бірліктер. Олар үш ерекшелігімен ерекшеленеді: 1) мақал-мәтелдер басқа тілдік бірліктерден ерекшеленеді, өйткені олар жағдайдың мәнін толық және терең көрсете алады; 2) олар аллегориялық. Олардың құрамындағы лексемалар мен сөз тіркестері, әдетте, номинативті бірліктер ретінде тілде бар мағыналардан өзгеше (фразеологизмдерден), олар символдық мағыналарға ие болады; 3) паремиялар экспрессивті, яғни олар бағалау және эмоционалдық коннотацияларды білдіру қабілетімен ерекшеленеді; 4) паремиялар тұрақты және сөйлеуде жиі қолданылады [1, 56]. «Паремия» терминін зерттеушілердің көпшілігі «халықтық афоризмдер, ең алдымен, фольклорлық емес афоризмдермен бірге пайда болатын мақал-мәтелдер, шартты түрде фразеологизмдермен біріктірілген тілдік өрнектердің қабаты» [2,33] деп түсінеді. Шартты түрде деп отырғаны, паремиялар мен афоризмдердің фразеологизмдерден айырмашылығы – номинативті функцияны орындамайтындығы. Паремиялар белгілі бір халықтың мәдениетімен, тарихымен тікелей байланысты. Барлық паремиялар мәтін ұғымымен байланысты, өйткені қарапайым паремиялар жазбаша түрде мәтін болып табылатын дайын мәлімдемені құрайды. Олардың барлығын контекстен бөлек қолдануға болады. Бұл қасиет оларды фразеологиялық айналымдардан ерекшелендіреді, Өйткені барлық фразеологиялық айналымдар тәуелсіз мәтінді құрмайды, контекстен бөлек өмір сүре алмайды, олар әрқашан кез-келген мәтіннің элементі болып табылады. Орыс тілінің лингвистикалық түсіндірме сөздігінде: «ПАРЕМИОЛОГИЯ [др.-греч. *ραγομία* пословица + ...логия].

Область филологии, исследующая пословицы, поговорки, речения, изречения и пр.» деген анықтама берілген. Яғни паремиологияның зерттеу нысаны тек мақал-мәтелдер ғана емес, нақыл сөздер, анти-фразалар, қанатты сөздер, афоризмдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, баталар, қарғыстар т.б. тілдік клишелер т.б. Ғалым Әбдуәлі Қайдар қазақ мақал-мәтелдерін паремиологияның бір саласы деп қарастырады. Біз өзіміздің мақаламызда қазақ паремиологиясының бір саласы болып табылатын мақал-мәтелдердің оқыту мәселесі жайында сөз етпекпіз.

Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне келер болсақ, оларға арналған іргелі монографиялық зерттеулер де, мақалалар да баршылық, ал қазақ паремиясын оқыту мәселесін арқалаған жұмыстардың аздығы байқалды. Мәселен Д.Бекзаттың «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектілері» атты кандидаттық диссертациясында қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық негіздері арнайы зерттелген. Автор фразеологиялық тұтастықтар мен мақал-мәтелдер ұласымдылығының шартты түрде екі түрлі жолын көрсеткен: фразеологизм-мәтел-мақал; мәтін-мақал-мәтел- фразеологизм. Мақал-мәтелдер өмірде кездесетін әр түрлі жағдайды таңбалаушы болғандықтан, олардың семиотикалық қасиетке ие екендігі атап көрсетілген. Мақал-мәтелдерді танымдық-прагматикалық тұрғыдан зерттеу арқылы олардың ұлттық болмысы мен мазмұны, мағынасының қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан этнолингвистикалық уәждері мен қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасы анықталған. Мақал-мәтелдердің прагматикалық аспектісі олардың сөйлеу жағдаятына қарай түрлі мақсатта жұмсалыуына байланысты екендігі, демек, мақал-мәтелдердің прагматикалық табиғаты қолданыста айқындалатындығы, осыған сәйкес мақал-мәтелдердің бірнеше прагматикалық қызметі, атап айтқанда, үлгілеуші, өнегелік, коммуникациялық, ой өрнектеушілік қызметтері анықталған, мақал-мәтелдердің теориялық материалдарын оқытудың жолдары қарастырылған. Қазіргі таңдағы соны бағыттардың, өзекті тақырыптардың бірі - өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету. Зерттеу нысанына қатысты еңбектерге шолу жасау барысында бұл мәселенің де тіл мамандары назарынан тыс қалмағандығы байқалды. Г.Қалиеваның «Орыс топтарындағы студенттердің сөйлеу тілін мақал-мәтелдер арқылы дамыту» деп аталған диссертациялық жұмысында сөйлеу тілін дамытудың әдіс-тәсілдері, мақал-мәтелдерді пікірлесімде, мәтінде, жазба жұмыстарда қолдануға жаттықтырудың жолдары анықталып, ғылыми тұрғыдан дәйектеледі. Бітім алушылардың мақал-мәтелдерді дұрыс, орынды қолдану дағдысын қалыптастырудың нақтылы жолдары айқындалып, олардың ұтымдылығы ғылыми негізде дәлелденеді.

Мақал-мәтелдерді оқыту тіл ерекшеліктерін, оның қыры мен сырын түсіндірумен қатар адамгершілікке баулу жақтарын үйретіп, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттерге негізделеді. Оқушының, тіл үйренушінің сөздік қорын молайту жөнінде, оларды дұрыс сөйлеуге үйрету жолында өзіміздің іс-тәжірибемізге сүйене отырып, сабақта мынадай тәсілдерді пайдаланамыз:

- Мақалдың мазмұны бойынша жұмыс;
- Мақалдарды сөйлеу әрекетінде қолдану:

Айтылым тапсырмалары (әңгімелеу, салыстыру, қайталау, сұрақ-жауап т.б.);

- Мақал-мәтелдер ойыны (әр түрлі тапсырмалар бойынша);

Интерактивті тапсырмалар (әр түрлі бағдарламаларды пайдалану арқылы тапсырмалар дайындау. Мысалы: Learningapps.org, Wardwall.net.


Qwizzalize.com).

Паремияларды оқытудың маңызы, оларды оқытудың тиімді жолдары, тақырыпты меңгеруде туындайтын қиындықтарды анықтау үшін жұмысымыздың барысында сауалнама жұмысын жүргіздік. Сауалнама 60 респондентті қамтыды.

Сауалнаманың «Білім беру жүйесінің қай деңгейінде оқисыз?» деген бірінші сұрағына байланысты жауап берушілердің 31-і жоғары оқу орны, 15-і мектеп, 10-ы орта кәсіптік оқу орнында оқитыны анықталды [1-сурет].

Білім беру жүйесінің қай деңгейінде оқисыз?

60 ответов




1-сурет

Сауалнаманың «Мақал-мәтелдердің мағынасын түсінуде қиындықтар туындай ма?» деген екінші сұрақ бойынша жауап берушілердің 27-сі «Мағынасын жақсы түсінемін», 21-і «Мағынасын кейде түсіне алмаймын», 12-сі «Мүлде түсінбеймін» деп жауап берген [2-сурет].

Мақал-мәтелдердің мағынасын түсінуде қиындықтар туындай ма ?

60 ответов




2-сурет

Сауалнаманың «Мақал-мәтелдерді оқыту маңызды деп есептейсіз бе?» деген үшінші сұраққа 46 адам «Әрине маңызды», 13 адам «Қатты маңызды емес», 1 адам «Маңызы жоқ» деп жауап берген [3-сурет].

Мақал-мәтелдерді оқытуда төмендегі тапсырмалардың қайсысы тиімді деп ойлайсыз? □

60 ответов



3-сурет

«Тақырыпты меңгеруде қандай қиындықтар туындауы мүмкін?» деген төртінші сұраққа байланысты «Мағынасын түсінуде» деп 25, «Барлық жауап дұрыс» деп 18, «Мақал-мәтелдерді лексика-стилистикалық тұрғыдан талдауда» деп 13, ал «Мақал-мәтелдердің баламасын табуда» деп 3 респондент жауап берген.

Қорытындылай келе, жүргізілген сауалнама жұмысын негізге ала отыра білім алушыларға мақал-мәтелдерді оқыту барысында мынадай қиындықтар туындайтыны анықталды: мақал-мәтелдердің мағынасын түсінуде, мақал-мәтелдерді лексика-стилистикалық тұрғыдан талдауда және т.б. Бұл аталған мәселенің өзектілігін көрсетіп отыр және одан әрі зерттеуді қажет ететін ауқымды жұмыс екенін аңғартады. Осы мәселелерді, негізге ала отыра, қазақ паремияларын оқытуда антропоцентристік бағытты алға тартуды ұсынғымыз келеді. Қазақ паремиялогиясының антрополилингвистикалық бағыттағы дербес сала екені Ә.Қайдардың еңбектерімен тығыз байланысты. Ғалымның классификациялауындағы «Адам», «Қоғам», «Табиғат» үштігінің негізінде мақал-мәтелдердің табиғатын, мән-мазмұнын, қолданысын, мағыналық топтарын білім беруде тиімді деп танымыз. Мысалы, бір ғана «Адам» макротобының әмбебаптылығын айтсақ:

«Адам табиғаты»: адамның зиялы қасиеттері; «Жақсы» адам мен «Жаман» адам; адамның жағымды және жағымсыз қасиеттері; адамның физиологиялық қасиеттері; адамның сырт тұлғасы, бой-тұрқы; адамның дене кемістіктері; адамның іс-әрекеті мен қалып күйі; алыс-жақын қатынастар; өсіп өну, ер жету, қартаю т.б. Яғни осындай жіктелімдердің нәтижесінде «Адам» концептісін құрайтын барлық белгілер, байланыстар, топтастырулардың мәні толық ашылар еді. Білім беру барысында мақал-мәтелдерді оқыту процесі айтарлықтай нәтижелі болар еді.



## Пайдаланған әдебиеттер:

1. Карлинский А.Е. Избранные труды по теории языка и лингводидактике. – Алматы, 2007.
2. Иванова Н.Н. Примета-пословица как особая паремиологическая единица // В.И.Даль в парадигме современной науки: язык - словесность - самосознание - культура: Материалы Всероссийской научной конференции, посвященной 200-летию юбилею В.И.Даля: В 2-х ч. Ч.1. - Иваново: Издво Иванов.гос. Ун-та, 2001.- С. 33-35
3. Словарь лингвистических терминов. Изд. 5-е, испр. и доп. – Назрань: ООО «Пилигрим», 2010. – 486 с.

## ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

*Арысова Г.М.*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*  
[gulmira.arysova@ayu.edu.kz](mailto:gulmira.arysova@ayu.edu.kz)

**Аннотация.** Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады». «Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж.Аймауытов айтқандай бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

Дәстүрлі оқыту әдістемесінің білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруге кепілдік бермейтінін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр, сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйені оқыту үрдісінде іске асыру үшін оны технологияландыру қажеттігі туындайды.

**Кілт сөздер:** дәстүрлі оқыту, өркениет, білім беру, әдіс-тәсіл, әдістеме, педагогикалық технология, шеберлік, тұлға, психологиялық даму, мазмұнын ашу.

**Аннотация.** Поскольку образование в основном дается по предметам, освоение каждого предмета на своем уровне в соответствии с современными требованиями, несомненно, является важнейшим вопросом в любое время. Цель технологии и методики одна и та же «как рассматривать проблемы обучения.» «Преподавание – это не просто навык, это искусство, которое можно открыть заново», как сказал Ж. Аймаутов, использование различных технологий в современной системе образования дает опыт и результаты. Опыт школы показывает, что традиционная методика обучения не гарантирует полного